

Ағаш пайдаланудың жеке мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 шілде N 785. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 қаулысымен

Ормандарды сақтау, заңсыз кесуді азайту мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің, тауарлардың экспорты мен тауарлардың реэкспортының кеден режимдеріне сәйкес қосымшаға орай ағаш материалдарын, кесілген ағаш материалдарын және сүректен жасалған жекелеген бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынсын.

< * >

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1163

қ а у л ы с ы м е н

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шараларды қабылдасын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1163

қ а у л ы с ы м е н

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында ағаш материалдарын, кесілген материалдарды және ағаштан жасалған жекелеген бұйымдарды экспорттауға тыйым салу енгізілгені туралы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

4. "Қылқан жапырақты тұқымдастардың жұмыр ағаш материалдарын және қылқан жапырақты ағаштың бөрене түріндегі отындық сүректерін экспорттауға тыйым салуды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 желтоқсандағы N 1571 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 45-46, 535-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. "Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкаларын, Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 431 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық с т а в к а л а р ы н д а :

2-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын.

6. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енетін 5-тармағын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 16 шілдедегі

№ 785 қаулысына

қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.21. № 1163

қаулысымен .

ТМД СЭҚ ТН

!

Тауарлардың атауы

к о д ы

!

4401 10 000*-нан Бөренелер, шөркелер түріндегі, оның ішінде шөркелер, шөпшек байламдар түрінде немесе осындай ұқсас түрлерде сексеуілден дайындалған отындық сүрек; <*>

4401 30-дан Сексеуіл сүрегінің үгіндісі мен қалдықтары; <*>

4403 10 - 4403 20, Өңделмеген, қабығы аршылған немесе аршылмаған, 4403 91 000 - қолымен өңделген немесе өңделмеген ағаш материалдары;

4404 Бөрене сүрек; жарылған бөрене; ағаштан жасалған ұшталған, бірақ ұзынынан тілінбеген тіреулер мен қазықтар; тегістелген, бірақ қашалмаған, бүгілмеген немесе басқа тәсілмен өңделмеген таяқтар, қолшатырлар, құралдардың тұтқаларын немесе ұқсас бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын ағаш материалдары; аршылған және ұқсас сүрек;

4406 Темір жол немесе трамвай жолдары үшін ағаш шпалдар;

4407 10 Қылқан ағаштан жуандығы 6 мм аспайтын ұзынынан тілінген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, тегістелген немесе тегістелмеген, өңделген немесе өңделмеген, шабаққа біріктірілген немесе біріктірілмеген ағаш материалдары;

- 4407 91 Емен ағаштан жуандығы 6 мм аспайтын ұзыннан тілінген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, тегістелген немесе тегістелмеген өңделген немесе өңделмеген шабаққа біріктірілген немесе біріктірілмеген ағаш материалдары (*Quercus spp.*);
- 4407 99 Жуандығы 6 мм аспайтын ұзынынан тілінген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, тегістелген немесе тегістелмеген, өңделген немесе өңделмеген, шабаққа біріктірілген немесе біріктірілмеген ағаш материалдары, басқалары;
- 4408 10 Қылқан ағаш түрлерінен жуандығы 6 мм аспайтын ұзынынан тілінген, бөлшектеп кесілген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, өңделген немесе өңделмеген, шабаққа біріктірілген немесе біріктірілмеген сүрек;
- 4408 90 Жуандығы 6 мм аспайтын ұзынынан тілінген, бөлшектеп кесілген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, өңделген немесе өңделмеген, шабаққа біріктірілген немесе біріктірілмеген сүрек, басқалары;
- 4409 Кескінделген погонаж түріндегі (тармақтарымен, саңылауларымен, бітелген, тегістелген қырларымен, жарты шеңберлі калевка түрінде біріктірілген, үлгілік, жұмырланған немесе осыған ұқсас) кез келген жиектен немесе жазықтардан, сүргіленген немесе сүргіленбеген, өңделген немесе өңделмеген, шабаққа біріктірілген немесе біріктірілмеген кесілген материалдар (еденге паркет төсеуге арналған жұқа тақтайшалар мен фриздарды қоса алғанда, жиналмаған);
- 4418 40 000 Бетон құюға арналған қалып; <*>
- 4418 90 900-ден Өзге ағаш конструкциялары: арқалықтар, мэткелер, төбе жабындысының тіректері; <*>

* - Тауардың номенклатурасы тауар кодымен де, атауымен де айқындалады.